



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 6B01513 – Биология

Білім беру
бағдарламасының
мақсаты

Қазіргі заманғы биологиялық білімі мен ойлау қабілеті және коммуникативтік, сандық құзыреттілігі бар, кәсіби міндеттерді шешуде іскерліктер мен білімдерді практикалық тәжірибе негізінде табысты әрекет ете алатын жоғары білікті биология мұғалімдерін даярлау.

Кәсіби қызмет
саласы

Ғылыми-зерттеу қызметі, мемлекеттік реттеу,
педагогикалық қызмет

Оқыту нәтижелері (ОН)

ОН 1- қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін *меңгерген*;

ОН2- кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;

ОН 3- негізгі биологиялық ұғымдарды, заңдар мен құбылыстарды, органикалық әлемнің даму заңдылықтарын және биологияны оқыту әдістемесін, биологияны оқытудың заманауи білім беру технологияларын *бекітеді*;

ОН 4- органикалық әлемнің биохимиялық бірлігі заңдарын, тұқым қуалаушылықтың молекулалық негіздерін, өзгергіштікті және генетикалық талдау әдістерін, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, нысандары мен құралдарын, биологиялық білімнің құндылықтары мен нанымдарын *талқылайды*;

ОН 5 - кәсіби іс-әрекетінде жаңа білім беру технологияларын, зертханаларды, баспа құралдарын, бейне, мультимедиялық құралдарды, қамтамасыз ету бағдарламаларын, интернетті; бала құқықтары және ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары бойынша негізгі халықаралық және отандық құжаттарды; бағалаудың критериалды әдістерін: формативті, жиынтық бағалауды; биологиялық білім беру саласындағы зерттеу нәтижелерін *қолданады*;

ОН 6- бақылау мен тәжірибе нәтижелерін компьютерлік модельдеу әдістерін және теориялық талдау әдістерін, оның ішінде қазіргі заманғы білім беру моделі BL online режимі тәсілдерін *пайдаланады*; .

ОН 7- білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің (жеке, оқушылар, ата-аналар) іс-әрекеттерін талдайды, биологияны оқыту үрдісін жетілдіру мақсатында сынып және зертханалық сабақтарда әріптестермен ынтымақтастықта жұмыс *істей алады*;

ОН 8- биология пәнінен сыныптан тыс жұмыста білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін *кіріктіреді*;

ОН 9- өзінің оқу қызметін бағалауды, рефлексияны *жүзеге асырады*;

ОН 10- оқытудың заманауи инновациялық стратегиясын *бағалайды*.